

# ҚЫЗЫЛШОҚЫ БАУРАЙЫНДА ӨТКЕН САЛБУРЫН

Ұлттық өнердің бірі-құс салып, аң аулау. Серілердің серігі болып келген осынау саяткерлік өнер кеңестік дәуір кезеңінде қалыс қалып, ел тәуелсіздігімен бірге қайта жанданғаны белгілі. Облыс тіпті, республика көлемінде біздің ауданымызда алғашқы лекте қайта жаңғырып, алыс, жақын шет елдерден қонақтар шақырылып, кеңінен насихаттау қолға алынған болатын. Ауданымызда ұлттық саятшылықты дамытуда өзіндік үлес қосып, елеулі еңбек сіңірген Тілеуқабыл Есенбеков Ақтөбе бөлімшесінің "Тасбаз" деген жерінен шаруа қожалығын ашып, құсбегілікпен айналысып, ауылдың жігіттері М.Әбдіразақов, Т.Махамбетшиндерді осы өнерге баулып, үйретеді. Осы төгілген тер, ойлаған мақсат көп күттірмей талантты шәкірттерін соңынан ертті.

Аудан орталығында "Салбурын" саятшылар жарысын

Жақында ауданымыздың Кеншоқы ауылында •Қарағанды облысы "Қайрат" ұлттық спорт мектебінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне және Ауғанстан жерінен әскердің шығарыл-

ғанына 20 жыл толуына арналған саятшылар арасында облыстық жарыс өткізілді. Жарысқа Қарқаралыдан Б.Тохметов, А.Асылтаев, Қарағанды қаласынан Д.Төребеков, Кеншоқыдан Д.Әліпов, Б. Төребеков, аудан орталығынан Б. Иманов, М.Әбдіразақова, С.Әбдіразақовтар қатысып, бақ сынас-



мен тексеріліп, ұпай саны берілді. Келесі кезең Қызылшоқы тауының баурайында жалғасын тапты. "Өр қыран жалғыз самғайды. қия мен құзын таңдайды" дегендей, жиналған жұртшылық саятшылық өтетін тау бөктеріне қарай беттеді. Жарыстың ең бір шырқау шыңы, қызыққа толы көзі, бүркітті қолға шақыру, шырғаға салу, қоян, түлкі, қасқырға салу түрлерінен өткізілді. Қыранның қыры мен сырын жете меңгерген жаттықтырушы Мұрат ағамыз қызы Мақпал мен ұлы Серікке жарыс барысында ұтылмау жолдарын түсіндіруде. Төрешілер спорт шебері Т.Махамбетшин, Ә.Төребековтер де өз жұмыстарына кірісіп кетті. Кеншоқы ауылының жігіттері де үлкен ұйымшылдық танытып, саятшылық өтеді дегеннен бастап екі-үш күн бұрын қарсақтың інін қазып, тірідей ұстап әкелсе, қасқырды арнайы асырап дайындаған. Осы сындарлы сағаттар ішінде М.Әбдіразақова "Ақ желке" атты бүркітімен жарыстың керігін қыздырып, сүрінбей етіп, жүлделі бірінші орынды жеңіп алса, екінші орынды С.Әбдіразақов, үшінші орынды Д.Әліповтер иеленді. Облыстық жарыс соңында жеңімпаздар арнайы грамоталармен, медалдармен марапатталды,

И.ЖАҚЫП



өткізіп, жүлделі орындарға қол жеткізе білді. Қыранды үйретудің өзі қыран мінезді, алған беттен таймайтын адамның ғана ұстайтыны белгілі. Кейінде Республикалық жарыстарға қатысып, жетістіктерге қол жеткізген. Облыс бойынша құсбегілікпен айналысып, жарыстарға қатысып жүрген Қарқаралы ауданы мен Шет ауданының құсбегілері ғана. Ердің ісін қарайған қауым қолдайтыны және анық.

қан. Жарыстың ашу салтанатында сөз алған ауыл әкімі Қ.Мусин, облыстағы ұлттық спорт мектебінің директоры Б.Тұрсынов, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы М.Жексенбаевтар жарысқа қатысушы құсбегілерді құттықтап, ақжолтілеп, батасын берді.

Бұдан соң жарыстың екі шарты бойынша - құсбегінің сыртқы киім жабдығы, бүркіттің бабы мен сыны әділ қазылар алқасының талғамы-